

Алматы қаласындағы тұрғын үйде болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 188-ө өкімі

2023 жылғы 30 қарашада Алматы қаласындағы Әди Шәріпов көшесі, 86 мекенжайындағы тұрғын үйде орналасқан үй-жайдағы өрттің (бұдан әрі – өрт) салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру мақсатында :

1. Қосымшаға сәйкес құрамда өрттің салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, өрттің салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, зардап шеккендерге бірінші кезекте көмек көрсету жөніндегі шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы Сырым Дүйсенғазыұлы Шәріпханов топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексерудің және зардап шеккендерге бірінші кезекте көмек көрсетудің нәтижелері жөнінде баяндасын.

Премьер-Министр

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2023 жылғы "30" қарашадағы
№ 188-ө өкіміне
қосымша

Алматы қаласындағы тұрғын үйде болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Шәріпханов Сырым Дүйсенғазыұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төраға
Әмрин Асқар Кеменгерұлы	-	Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Камалов Рамиль Фаткулович	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы
Тойбаев Әділет Жүнісұлы	-	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары

		білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы
Алдыңғұров Дәулет Қадырұлы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің директоры
Қожаев Мұхтар Жұмабайұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тергеу департаменті бастығының міндетін атқарушы
Бөлегенов Бақытжан Ерғалиұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің басшысы
Кесебаева Балайым Туғанбайқызы	-	Алматы қаласы Әділет департаментінің басшысы
Әмірғалиев Еркінбек Рахымбайұлы	-	Алматы қаласы Еңбек инспекциясы басқармасының басшысы